

**3 Тақырып.
ОРТАҒАСЫРЛЫҚ
ШЫҒЫС ЖӘНЕ БАТЫС
ФИЛОСОФИЯСЫ.**

Дәріс жоспары (1 сағат)

1. Ортағасырлық араб-мұсылман философиясының қалыптасуына әсер еткен факторлар, оның даму кезеңдері. Мутакаллимдер мен мутазилиттердің Құранды түсіндіруі. «Таза ағайындылардың» неоплатонизмі.
2. Классикалық суффизмнің философиялық қырлары. Өмір сүріп отырғанның бәрі Құдай және Құдай бәрінде өмір сүреді. Қожа Ахмет Йассауи әлемдегі және өзіндегі Құдайды: «басынан кешіру» және жету тәжірибесі.
3. Ортағасырлық Европада христиандықтың таралуы. Апологетика – христиандық көзқарасты философиялық құралдар арқылы негіздеудің бірінші талпынысы.
4. Патристиканың екінші кезеңі. Августин Аврелий, Дионисий Ареопагит, Максим Исповедниктің еңбектеріндегі философияның христиандық догматикасы.
5. Теологияны антикалық философияның элементтері арқылы логикалық түрде негіздеу ретінде схоластиканың ерекшеліктері. Номинализм және реализм: универсалийлер туралы пікірталастар.

Араб-мұсылман философиясы – Орта ғасырда мұсылман дінін қабылдап, араб тілін қолданған Шығыс халықтары ойшылдарының философия ілімдерінің жүйесі. Араб тіліндегі философияны ғылымда “фәлсафа” деп те атайды. Бұл, әсіресе, Шығыс перипатиктеріне тән. Фәлсафа тарихы әл-Киндиден басталып, ибн Рушдпен аяқталады. Фәлсафаның филос-дан өзгешелігі — ол Платон, Аристотель еңбектерін мұсылмандық негізінде зерттей отырып, жоғарыда аталған ойшылдар ойлаудың ерекше жүйесін жасаған. Бұл грек филос-сын тек қайталау немесе оған еліктеу емес, филос-ның ерекше тарихи типі.

Таяу Шығыстағы
араб елдерінде
философия мынадай
4 бағытта болды:

1) “таза
ағайындылар
ілімі”;

2) перипатетизм
немесе материалистік
бағыт. Өкілдері: әл-
Кинди, Ибн Рушд-
Аверроэс;

3) суфизм
(сопылық,
XI-XII ғғ.).

4) Мұсылмандық философияның
нағыз жақтаушылары Аристотель,
Евклид, Птоломей ілімдерін араб
тілінде шығарып, Шығыс
ғалымдарының еңбектерін
уағыздады.

- “Таза ағайындар” ілімі — оқу жүйесіне арнап жазылған 51 томдық энциклопед. еңбекте жинақталған. Бұл алғаш рет ғылым түрлерін жүйелеу әрі оны оқыту мәселесіне арналған.

● Перипатеттер мектебі, перипатетизм (грек. *peripateo* — серуендеу) — Аристотель философиясының ізбасарлары.

● Аристотель өзінің тыңдаушыларымен лицей бағында серуендеп жүріп сабақ беріп, пікір алысуды әдетке айналдырған. Осыған байланысты оларды Перипатеттер мектебі деп атаған. Ол Аристотель мен Платонның еңбектеріне сүйеніп, олардың іліміне түсінік бере отырып, өзінің филос. ілімін қалыптастырған.

Мутазилииттер - әлемнің,
адамның жаратылуы туралы,
тағдыр туралы Ислам
қағидаларынан бас тартты,
Құдай туралы антроморфты
бейнелерден бас тартып, адам
ақылы мен күшіне сенді;

● Батыс шығыстанушыларының айтуына карағанда, «Мутазилиттер» деп аталудың себебі, олардың тақуа, дүниеге көңіл бөлмей, өмірдің қызықтарын тәрк еткені. Шынына келгенде, олардың бәрі дерлік бұл сипаттағы адамдар емес еді. Мутазилиттер Ислам ағымдарының ішіндегі діни мәселеде ақылды көбірек қолданатындығымен ерекшеленеді. Ақылға қонымсыз аят пен хадисті логикалық тәсіл бойынша түсіндірді. Әсіресе, сенім, иман мәселелерін дәлелдеу үшін алдымен ақылды төреші етті. Кез-келген бір мәселені әуелі ақылға салып таразылайды, ақылға қонымды болса алады, қонымсыз болса тәрк етеді.

● Мутакаллимдер мектебі –
Исламның діни қағидаларын
негіздеу;

● Феодализм дәуірінде Батыс елдерінен Шығыс елдерінің едәуір ерекшеліктері болды. Мұнда қайта өрлеу (ренессанс) Батыс елдерінен 5-6 ғасыр ерте, яғни IX-XII ғасырларда басталды. Әсіресе, бұл Орта Азия мен Иран жеріне қатысты болды. Оның себебі, бұл жерлерді атақты Жібек жолы басып өтетін.



Әл Кинди(800-879)

Араб философиясын
европаландыруға алғашқы
қадам жасаған алғашқы

ойшыл. Бірінші болып
арабтарға ежелгі грек
философиясын,
Аристотельді ашты.

Аристотель
философиясының әдісімен
категориялар ұғымы,
логика, таным туралы ілім,
т.б материалистік идеялар
жатты.

Аль-
Кинди
дің
пайы
мдауы
нша
бірінші
таңы



мның
сатыс
ына



—
логика
мен
екінші
сатыс



ына—
жара
тылы
стану
зшы
мдыры




сатыс
ына—
филос
офиян
ы
жатк
ызады




**Әл-Фараби Әбу Нәсір
Мухаммед ибн Тархан
(870-950). (Әлемнің «екінші
ұстазы»).Әйгілі математик,
философ, музыка зерттеушісі,
тарихшы болған.**

Фараби ғылыми болжамға,
әлемді ғылыми танып білу
мүмкіндігіне сеніп, қоғамдағы
зорлық-зомбылыққа қарсы
шықты. Ол зұлымдықтың
жойылып, жер бетінде
қайырымдылық бастаудың
салтанат құратынын жазып,
зорлық-зомбылықсыз, қанаусыз
және соғыссыз қоғам идеалын,
жер бетіндегі халықтардың
бейбіт және достық
қатынастарын идеялық,
теориялық тұрғыда негіздеді.



Шығыс философы, ғалым-энциклопедист, шығыс аристотелизмінің аса ірі өкілі. Аристотель мен Платонды зерттеуші және толықтырып жалғастырушы (Әлемнің «екінші ұстазы» деген атағы осыдан шыққан). Негізгі шығармалары: «Философиялық трактаттар», «Математикалық трактаттар», «Әлеуметтік-эстетикалық трактаттар», «Қайырымды қала тұрғындары» т.б.





Ибн Рушд

Араб философтарының ішіндегі Еуропаға танымалы әрі ең әйгілісі болды. Ибн Рушд мұсылмандық Испанияда өмір сүрді және батыс араб-европалық философия өкіліне айналды. Ол Еуропаға кең тарап, католицизм мен схоластикаға қарсы шыққан аверроистік философияны жасады.

“Екі жақты ақиқат”
идеясының авторы.



Ибн Сина

Араб философиясын жаңа деңгейге көтерген ойшыл. Батыста Авиценна есімімен танымал болды.

Ибн Сина:

1. Философияны діннен ажыратуға тырысты
2. Философия адам ақылының жетістіктерін жүйелейтін дербес ғылым деп есептеді
3. Философиялық идеаларды жаратылыстаным ғылымының, өзінің медициналық жаңалықтарын енгізді
4. Құдайдың бар екенін мойындағанымен, оның құдіретінің шексіздігіне күмән келтірді.

«Білім кітабы» («Даниш намаз»), «Емдеу кітабы», «Медицина каноны» және т.б. еңбектердің авторы.

Сопылық ілім —
Шығыста кеңінен
дамыған ілім. Бұл
бағыттың аса көрнекті
өкілдері: **Иассауи, Ибн**
Араби т.б.

Ахмет Яссауи – түркілік суфизмнің негізін салушы, Түркстан (Яссы) шаһарының маңындағы Сайрам (Исфиджаб) қаласында туған. Оның қалың ел арасында беделі сонша, оны халық әулие тұтқан, сондықтан да Әмір темір қазақ жерінде ықпалын күшейту үшін Иассауи құрметіне арнап 14 ғасырдың аяқ кезінде бүкіл Орта Азия сәулет өнерінің керемет туындысы, - Қожа Ахмет Иассауи ескерткіш-мавзолейін салдырды.



● Софылық - өз заманындағы қоғамдық - әлеуметтік теңсіздікке, дүниеқоңыз болып арын сатқан, билікке таласқан әкімдердің зорлық-зомбылығына, харам іс -әрекеттеріне наразылық көрсетіп оларды Құдай жолынан ауытқығандар деп, өздері оларға қарсылық ретінде рахаттан безіп, диуаналық өмір сүрген адамдардың діни бағыты.

**Орта ғасырлық
философияда қоғамдық
саяси әлеуметтік
проблемалар шешуде
теологияға жүгінеді.
Теология грек тілінен
құдай туралы ілім деген
сөз.**

Ортағасырлық философияның ерекшелігі:

- 1) Христиандық феномені (философия, мәдениет, өмір);
- 2) Антикалық құндылықтардың әсері

Ортағасырлық
философиясы кезеңдері
бөлінеді:

1. Патристика:

● *Апологетика* *Дамыған патристика*

● *2. Схоластикалық кезең*

• **Патристика** (*pater* — әке) деп шіркеу әкейлерінің діни философиялық ілімдерін айтады (III -VI ғғ.). Патристиканың негізгі мәселелері: Құдайдың мәні және ақылдың, тарихты белгілі бір мақсатқа ұмтылушылық деп түсіну және осы ақырғы мақсатты анықтау, адамның ерік бостандығы және оның жанын құтқару, әлемдегі зұлымдықтың шығу себептері, оны құдайдың қабылдауының себептері.

Негізгі өкілдері:

Климент Александрийский

Августин Блаженный



● Тертуллиан :
“Сенемін өйткені
абсурды”.
Фидаизм
бағытының өкілі.
Бастысы ақыл
емес (ақыл
шектеулі), сенім
деп түсінді.


*«Схоласстика» сөзі «мектеп»,
яғни «оқу» философиясын
білдіреді. Схоласстикалық
философия христиан ілімін тек
сенім арқылы ғана емес,
ақылдың көмегімен де игеру
қажеттігін мойындайды.
Философия ғылыми дәрежеге
көтеріледі. Негізгі үш кезеңнен
өтті:*

ОРТА ҒАСЫРДАҒЫ НЕГІЗГІ ДІНИ КӨЗҚАРАСТАР

- Теоцентристік*
- Монотеистік*
- Креационистік*
- Провиденциалдық*

Деизм

**Теоцентристік
көзқарас, яғни барлық
болмыстың, игіліктің,
әдеміліктің,
философиялық және
діни пайымдаудың
күретамыры, бастауы -
дін деп қарастыру.**



*Монотеистік принцип –
Құдай біреу, жалғыз
деген догматты
мойындау.*

- **Креационистік принцип**
 - Құдай әлемді ештеңеден жаратты деп қабылдау;
Құдайдың әлемді жаратуы туралы қарастырады.

*Провиденциалдық принцип –
адам қоғамның дамуы,
қозғалысының қайнар көзі мен
мақсаты, Құдайдың алдын ала
анықтауымен болады деген
ұстанымды негізге алу тән.*

- **Деизм** - (лат. Dues - Құдай) дүниенің негізін Құдай жаратты, бірақ, адамның іс-әрекетімен қоғам өміріне араласпайды деп тұжырымдау.

**Августин Аврелий Әулие
(354-430 ж.ж) – христиан
дінбасы және неоплатонизмге
жақын философ – мистик,
патристиканың ықпалды өкілі.**

**Негізгі еңбегі: “Құдайдын
қаласы”, “Град божий”, “Град
земной.”**

Бүкіл адамзаттың тарихы құдай әлемі мен жер әлемінің арасындағы тартыспен анықталады.

Августиннің тарих туралы ойлары эсхатология деп аталады, өйткені ол ақыр заманға бағытталған.

- Құдай әлемі – шынайы өмір әлемі
- Жер әлемі – күнәһәр өмір әлемі.

● **Жердегі қала – жауыздар мен перілердің әлемі, онда басқарушылар мен оларға бағынышты халықты басқару жүзеге асады.**

● **Құдай қаласы – бұл адамгершілік пен құдай әлемі, сүйіспеншілік бойынша басқарылады, құлдық етеді.**

**Ортағасыр философиясындағы
негізгі бағыттар:**

Реализм

**Номина
ЛИЗМ**

Реализмнің өкілдері жалпы ұғымдар табиғаттың жеке заттарынан тыс, дербес және олардан бұрын өмір сүреді деп пайымдайды.



Реализмнің көрнекті өкілдері - итальян философы Ансельм Кентерберийский, Фома Аквинский, Дунс Скот.

Роджер
Бэкон,
Николай
Оразминский



Ағылшын
философы
Уильям
Оккам.

Номинализмнің өкілдері – жалпы ұғымдар жай ғана есімдер, заттардың аттары деп есептеді. Шын мәнінде өзіндік ерекшеліктері бар жеке заттар ғана өмір сүреді.
Жалпы ұғымдар заттарға тәуелді ғана емес, тіпті олар заттардың сапалық қасиеттері мен ерекшеліктерін бейнелей де алмайды.

**Тақырышты
пысықтауға
арналған тест
сұрақтары**

● [q]3:1: «Құдай қаласы туралы»
деген еңбектің авторы:

● [a] Кант.

● [a] Гегель.

● [a] Августин.

● [a] Маркс.

● [a] Сократ.

● [q]3:1: Христиан
философтарының ой-
толғаныстарының басты пәні?

● [a] Материя.

● [a] Табиғат.

● [a] Адам.

● [a] Құдай.

● [a] Уақыт.

- **[q]3:1: Реалистер мен номиналистер арасындағы талас қай кезеңде болды?**
- **[a] Антик философиясында.**
- **[a] Орта ғасыр философиясында.**
- **[a] Жана дәуір философиясында.**
- **[a] Ағарту философиясында.**
- **[a] XX ғасыр философиясында.**

● [q]З:1: «Град божий» және «Град земной» идеясының авторы:

● [a] Ф.Аквинский.

● [a] А.Августин.

● [a] К.Тертулиан.

● [a] П.Абеляр.

● [a] И.Росцелин.

- **[q]3:1: Жалпылық мәселесі қай кезеңде көрініс берді:**
- **[a] Антикалық философияда.**
- **[a] Ортағасырлық философияда.**
- **[a] 20ғ.**
- **[a] 15ғ.**
- **[a] Ағартушылық дәуірінде.**

- [q]3:1: Фома Аквинскийдің негізгі философиялық шығармаларының бірі:
- [a] Теология жинағы.
- [a] Құдай қаласы.
- [a] Құдай қорғау жинағы.
- [a] Дәлелдеу жинағы.
- [a] Құбыжыққа қарсы жинақтар.

- [q]3:1: Ортағасыр Еуропа философиясының сипатты белгілеріне жататын не?
- [a] Теоцентризм.
- [a] Антропология.
- [a] Ғылым.
- [a] Атеизмге бейімділік.
- [a] Білімсіздік.

- [q]3:1: Ортағасыр Еуропа философиясының сипатты белгілеріне тән емес не?
- [a] Теоцентризм.
- [a] Имморализм.
- [a] Креоционизм.
- [a] Провиденциализм.
- [a] Иррационализм.

*Назарларыңызға
рахмет!*